

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы N 139/17 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 20 маусымда N 12-9-165 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 18 маусымдағы N 190/41 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Лебяжі аудандық әкімдігінің 18.06.2013 N 190/41 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашасындағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Лебяжі ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Лебяжі ауданының ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік қызметті уақытында және сапалы көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Т. Байжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *А. Құрманова*

Павлодар облысы Лебяжі ауданы
әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы
N 140/17 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметін осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлар бойынша "Лебяжі ауданының

ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі, кентінің, ауылдары мен селолық округтер әкімдерінің аппараттарының (бұдан әрі - ЖАО) ветеринарлық дәрігерлерімен (бұдан әрі - ветдәрігер) ұсынылады.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 сәуірдегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына (бұдан әрі – стандарт) өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" N 464 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ақпарат осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы **стендтерде** **орналасқан**.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі ветеринариялық анықтама (қағаздағы тасымалдағышта) (бұдан әрі – анықтама) беру не жазбаша түрдегі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - тұтынушы) **көрсетіледі**.

7. Мемлекеттік қызмет мынадай мерзімдерде ұсынылады:

- 1) мемлекеттік қызмет өтініш білдірген күні ішінде көрсетіледі;
- 2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі шектеулі рұқсат етілетін күту уақыты - **30 (отыз) минуттан аспайды**;
- 3) мемлекеттік қызметті алушыға қызмет ұсынудың шектеулі рұқсат етілетін уақыты - **30 (отыз) минуттан аспайды**.

8. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда жұмыс күндері, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін үзіліспен, сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз **кезек тәртібінде жүзеге асырылады**.

9. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға жағдайлар жасалады (күтуге кресло қойылады, құжаттарды толтыру үшін орындар қажетті құжаттардың тізбесі мен оны толтыру үлгілерімен **стендтермен жабдықталған**).

2. Мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі

10. Мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттар және оларға қойылатын **талаптар** **тізбесі**:

- 1) **жануарға ветеринариялық паспорт**;

2) тері-жүн шикізатына, жануардың жеке нөмірі көрсетілген жапсырма міндетті түрде қажет;

3) ветеринариялық анықтама бланкі құнын төлеуін растайтын құжат.

11. Мемлекеттік қызмет тұтынушы не оның өкілі тікелей жүгінген күні көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін мыналар:

1) егер жануар, жануардан алынатын өнім және шикізат (бұдан әрі - объект) қолайсыз аймақтан тасымалданған жағдайда;

2) жұқпалы сипаттағы ауру анықталғанда;

3) жануардың жеке нөмірі болмағанда;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының ветеринарлық-санитарлық талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі негіз болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара әрекет) тәртібі

13. Құжаттарды қабылдауды осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген ЖАО бөлімшелерінің мал дәрігерлері жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету тұтынушысының өтініші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналында, тұтынушының мемлекеттік қызметті алатын күні көрсетіліп ветдәрігермен тіркеледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (одан әрі – ҚФБ) қатысады: осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген ЖАО ветеринариялық дәрігерлері.

16. Әр әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімін көрсетумен әрбір ҚФБ әкімшілік әрекеттерінде (рәсімдерінде) өзара әрекеттестіктің кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамалары осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ үдерісіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық кезектілігі арасындағы өзара байланысты бейнелейтін сызба осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

18. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

**Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі
уәкілетті органдардың тізімі**

№ р/с	Жергілікті атқарушы органның атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс деректері
1	ММ "Лебяжі ауданы ветеринария бөлімі"	Аққу ауылы, Баймолдин көшесі, 57	(871839)21503
2	ММ "Баймолдин ауылдық округі әкімінің аппараты"	Баймолдин ауылы, Баймолдин көшесі, 2	(871842) 22-3-90
3	ММ "Қазы ауылдық округі әкімінің аппараты"	Қазы ауылы, Гаражная көшесі, 1	(871839)41095
4	ММ "Ямышев ауылдық округі әкімінің аппараты"	Ямышев ауылы, Мира көшесі, 1	(871839)40799
5	ММ "Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты"	Жамбыл ауылы, Береговая көшесі, 6	(871839)41501
6	ММ "Лебяжі ауылдық округі әкімінің аппараты"	Аққу ауылы, Баймолдин көшесі, 4	(871839)21341
7	ММ "Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты"	Черное ауылы, Апсалықов көшесі, 3	(871839)25309
8	ММ "Майқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты"	Майқарағай ауылы, Ленин көшесі, 10	(871839)28416
9	ММ "Малыбай ауылдық округі әкімінің аппараты"	Малыбай ауылы, Мира көшесі, 13	(871839)27222
10	ММ "Шарбақты ауылдық округі әкімінің аппараты"	Шарбақты ауылы, Достық көшесі, 2	(871839) 24300
11	ММ "Қызылағаш ауылдық округі әкімінің аппараты"	Қызылағаш ауылы, А. Құсайынов көшесі, 28	(871839)41462
12	ММ "Шақа ауылдық округі әкімінің аппараты"	Шақа ауылы, Клубная көшесі, 1	(871842)23202

1-кесте. ҚФБ әрекетіне сипаттама

1	Әрекет N(барысы, жұмыс ағымы)	1	2	3
2	ҚФБ атауы	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері	ЖАО ветдәрігері
		регламенттің 10-тармағында		

3	Әрекет (процесс, рәсім, операциялар) атауы және олардың сипаттамасы	көрсетілгендей тұтынушымен ұсынылған құжаттар пакетін тексеру және қабылдау	Анықтаманы немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты толтыру	Анықтамалар беру журналына тіркеу. Тұтынушыға дайын құжатты немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешімдер)	Құжаттарды қабылдау	Анықтамаға не бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Тұтынушыға дайын құжатты немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты беру
5	Орындау мерзімі	30 минуттан аспайды	өтініш білдірген күні көрсетіледі	30 минуттан аспайды

"Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

ЖАО-ға өтініш білдіргенде мемлекеттік қызметті ұсыну сызбасы

